Әділет

**Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 маусымдағы N 563 Қаулысы

Кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің салаларында бәсекелес ортаны дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сақшы-На страже" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сақшы-На страже" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылу жолымен;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Материалдық мәдениет ескерткіштерінің ғылыми-зерттеу және жобалау институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Көшпелілердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылу жолымен;

3) (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.05 N 1194қаулысымен)

4) (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.11.17 N 1132қаулысымен)

5) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" ұлттық компаниясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" акционерлік қоғамы болып қайта құрылу жолымен;

6) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.04.2013 № 369 қаулысымен;

7) (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.11.17 N 1132қаулысымен)

8) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Мәдени саясат және өнертану институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылу жолымен;

9) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "SPORT&ks" газетінің редакциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "SPORT&ks" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылу жолымен;

10) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Алматы протездік-ортопедиялық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Алматы протездік-ортопедиялық орталығы" акционерлік қоғамы болып қайта құрылу жолымен;

11) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Семей протездік-ортопедиялық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Семей протездік-ортопедиялық орталығы" акционерлік қоғамы болып қайта құрылу жолымен;

12) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Петропавл протездік-ортопедиялық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Петропавл протездік-ортопедиялық орталығы" акционерлік қоғамы болып қайта құрылу жолымен;

13) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының "Оқжетпес" клиникалық шипажайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Оқжетпес" шипажайы" акционерлік қоғамы болып қайта құрылу жолымен;

14) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Қаржы жүйесін ақпараттандыру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қаржы жүйелерін ақпараттандыру орталығы" акционерлік қоғамы болып қайта құрылу жолымен;

15) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.01.21 N 22 Қаулысымен.

16) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің "Өрт сөндіруші" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Өрт сөндіруші" акционерлік қоғамы болып қайта құрылу жолымен;

17) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Қазақстанэнергия" ұлттық энергетикалық жүйесі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Алматыэнергия" және "Қарағандыэнергия" ҚЭЖ" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қосу жолымен;

18) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғаныстың арнайы ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар

министрлігінің "Өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғаныстың арнайы ғылыми-зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта құрылу жолымен;

19) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Өндірістік-пайдалану кәсіпорны" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Өндірістік-пайдалану кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.17 N 1132; 2005.12.05 N 1194; 2011.01.21 N 22; 16.04.2013 № 369 қаулыларымен.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "ҚазАлкоОрталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Республикалық оқу-әдістемелік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "С.Х.Сүбханбердин атындағы Қазақстан медицинасы мен денсаулық сақтау тарихы мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Республикалық жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық аурухана жанындағы емдеу-еңбек шеберханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ғылым" ғылыми баспа орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны таратылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Республикалық мемлекеттік жөндеу-құрылыс және қайта жаңарту басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Қазқайтажаңарту" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органдарымен бірлесіп, жоғарыда аталған мемлекеттік кәсіпорындарды қайта ұйымдастыруға, таратуға және қайта атауға байланысты осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) "Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 70-ө өкімімен құрылған жұмыс топтарының ұсынымдарын ескере отырып, коммуналдық меншіктің жекелеген мемлекеттік мекемелерін бәсекелес ортаға беруді;

2) түгендеу жүргізу сәтінде жұмыс істемей тұрған коммуналдық меншіктің

мемлекеттік кәсіпорындарын таратуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуді қамтамасыз етсін.

6. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет мәнін "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) тиісті жыл қорытындылары бойынша тұрақты негізде мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет түрлеріне талдау жүргізсін және бір ай мерзімде мемлекеттік кәсіпорындарды бәсекелес ортаға беру жөніндегі бар ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне енгізсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК